

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
09.11.2022 жылғы жалпы отырысының
стенограммасынан үзінді көшірме
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің Төрағасы Е. ҚОШАНОВ жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
от 09.11.2022 года
Вел заседание Председатель
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
Е. КОШАНОВ.**

ТӨРАҒА. Келесі мәселе «Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне сот алқабилердің қатысуымен қарайтын істер санаттарын кеңейту мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым).

Бұл мәселе бойынша сөз Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Жүкенов Әбдірашид Төлегенұлына беріледі.

ЖҮКЕНОВ Ә.Т. Қайырлы күн, құрметті Ерлан Жақанұлы, құрметті депутаттар!

«Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне сот алқабилердің қатысуымен қарайтын істер санаттарын кеңейту мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы» Заң жобасы Мемлекет басшысының осы жылғы 16 наурыздағы «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 21-тармағына сәйкес дайындалды.

Еліміздегі алқабилер соты 2007 жылдың 1 қаңтарынан бастап енгізілді және 15 жыл бойы жұмыс істеп келеді.

Бұл біздің сот жүйесін дамыту бағытында өте маңызды шара. Алқабилер соты қылмыстық процестің негізгі қағидаттарын – жарыспалық пен тараптардың теңдігі, кінәсіздік презумпциясын және басқа да қағидаттарды бекітуде маңызды оң рөл атқарады. Қазір алқабилер соты қараған істер бойынша 10 пайызына дейін ақтау үкімін шығарады. Жалпы, соттарда бұл көрсеткіш 1,5-2 пайызды ғана құрайды.

Алқабилердің қарауына жататын істер бойынша сотқа дейінгі тергеудің сапасы әлдеқайда жоғары.

Тараптар сот талқылауында белсенділік білдірді.

Алқабилердің соты билік пен халықты жақындастыруды қамтамасыз етеді, қоғамның құқықтық деңгейі мен құқықтық мәдениетін, сондай-ақ сотқа деген сенімді арттыруға ықпал етеді.

2007 – 2009 жылдары аралығында алқабилер өлім жазасы мен өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалатын қылмыстар бойынша істерді қарады.

Осы кезеңде алқабилер қатысқан істердің саны жылына шамамен 50 іс болды.

2010 – 2012 жылдары алқабилер соты қарайтын істер санаты бүкіл аса ауыр қылмыстарға кеңейтілді.

Мұндай қадам алқабилердің қатысуымен қаралатын істердің 10 есеге өсуіне әкелді. Істердің саны жылына 300-ден асты.

2013 жылы алқабилер сотының соттылығы, өкінішке орай, қайта азайтылды, олардың қарауына тек өлім жазасы мен өмір бойына бас бостандығынан айыруға әкеп соғатын істер ғана қалды.

Мұндай өзгеріс алқабилер қатысатын істердің күрт төмендеуіне әкелді – жылына шамамен 50 іске қайта түсті.

2015 жылы «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының шеңберінде алқабилермен қаралатын істер санаты аса ауыр қылмыстардың 14 құрамына дейін кеңейтілді, төрт құрам қосылды.

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 2019 жылғы 27 желтоқсандағы заңмен алқабилер сотының соттылығы тағы 16 құрамға көбейтілді.

Осылайша, келесі жылдан бастап алқабилердің қатысуымен аса ауыр қылмыстардың 31 құрамы қаралатын болады.

Бүгін қаралып жатқан заң жобасымен Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес алқабилердің соттылығын кеңейту және 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап тағы 13 ауыр қылмыс құрамын беру ұсынылып отыр.

Бұл Қылмыстық кодекстің:

116-баптың 2, 3-бөліктері (адамның дене мүшелерін заңсыз алу);

146-баптың 2, 3-бөліктері (азаптау);

249-баптың 2-бөлігі (рейдерлік әрекеттер);

317-баптың 4-бөлігі (медициналық қызметкердің әрекеттерінен абайсызда екі немесе одан да көп адамның өліміне әкелу);

335-баптың 4-бөлігі (ауыр салдарға әкелген балық пен басқа да су жануарларын заңсыз аулау);

337-баптың 4, 6-бөліктері (ауыр салдарға әкелген заңсыз аң аулау);

345-баптың 4-бөлігі (көлік құралын басқарғанда абайсызда екі немесе одан да көп адамның өліміне әкелген жол-көлік оқиғасы);

345-1-баптың 4-бөлігі (көлік құралын мас күйде басқарып екі немесе одан да көп адамның өліміне әкелген жол-көлік оқиғасы);

346-баптың 5, 6-бөліктері (көлік құралын басқару құқығынан айырылған және мас күйде көлік басқарғанда адамның өліміне әкелген жол-көлік оқиғасы).

Жалпы алғанда, алқабилер сотының соттылығына 44 құрам жататын болады.

Құрметті депутаттар, алқабилер сотының соттылығын кеңейту сот жүйесін демократизациялауға ықпал ететін және қоғам тарапынан сотқа деген сенімді едәуір арттыратын болады.

Қылмыстық сот ісін жүргізудің басты қағидаттары: тараптардың жарыспалығын, кінәсіздік презумпциясын және сот төрелігінің басқа да негізгі қағидаттарын айтарлықтай іске асыруға мүмкіндік береді.

Заң жобасын қолдауды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Баяндама аяқталды. Енді, құрметті әріптестер, сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Депутат Төлепберген Мейрамбек Мылтықбайұлы.

ТӨЛЕПБЕРГЕН М.М. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым баяндамашыға.

Баяндамаңызда айтып кеткендей, заң жобасында алқабилердің қатысуымен белгілі бір құрамдар бойынша істер санатын ұлғайту көзделген.

Бұл Қылмыстық кодекстің тек бірнеше баптарына ғана тиесілі. Алқабилердің сотта қаралатын істерін кеңейту қаншалықты қажет болып отырғанын түсіндірсеңіз. Санаттарын құрамдардың аз ғана бөлігіне ұлғайту маңызды болып отыр ма? Неліктен тек осы құрамдар осылай анықталды? Және қандай критерийлер бойынша іріктеу жүргізілгенін түсіндіріп берсеңіз. Рақмет.

ЖҮКЕНОВ Ә.Т. Құрметті депутаттар, мен баяндамада айтып кеткенімдей, бұл заң жобасы Мемлекет басшысының тапсырмасына келтіріліп отыр. Тек 13 құрамды ұсынып отырмыз. Жалпы, бұл алқабилерді дамытудағы бір кезеңі. Өздеріңізге мәлім, 2015 жылы кеңейтілді. Енді 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап алқабилер сотының қарауына кейбір қылмыстардан басқа барлық ауыр қылмыстар, аса ауыр қылмыстар жататын болады.

Осы заң жобасына басқа да ауыр қылмыстарды қарауды кіргізуге болатын еді, бірақ алқабилердің жалақысы бар, апаратын қызметкерлердің штатын көбейту керек, жаңадан сот залын салу керек, оған жаңа жабдықтар мен техника алу керек, оған едәуір қаражат керек, ал оған қазір Үкімет ондай қаражат беруге дайын емес.

Сондықтан осы 13 құрамға тоқтадық. Оның түрлерін талдадық, оған еліміздегі өте маңызды істерді алдық, яғни ол адамның өліміне, басқа да ауыр зардаптарға соқтыратын істер және елімізде резонанс туғызатын істер. Мысалы, азаптау қылмысы үшін жауапкершілік Қылмыстық кодекстің 146-бабында көзделген. Бұл өткен оқиғалардың аясында біздің көзімізге ерекше түсті, ел де айтып жатыр. Бұл істер бойынша Мемлекет басшысы да тергеуде де, сотта да ашық, бейтарап, объективті түрде қарауды тапсырған болатын. Бұл тек еліміздің ғана емес, халықаралық ұйымдардың да назарында. Сондықтан бұл істерді осы алқабилердің қатысуымен қараған жөн деп санаймыз.

Немесе адам өліміне әкеп соқтыратын жол-көлік оқиғалары кезінде жасалған қылмыстар абайсыздан болса да оның зардаптары өте ауыр, сондықтан бұл істердің тергеуі де, сотта қаралауы да өте қиынға түседі, екі

тарап болады, оларда көп сұрақ болады, күдік болады. Бұл істер бойынша шешім қабылдау өте қиын болады, сондықтан бұндай істерді халықтың өкілдері, яғни алқабилердің қатысуымен қараған да жөн деп отырмыз.

Осындай тәсілмен біз басқа құрамды да таңдадық. Егер мемлекеттің қаражаты, басқа да мүмкіншілігі болса, онда алқабилер сотының қарайтын ісін кеңейтуге дайынбыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Депутат Бердалин Аманғали Бисенбайұлы.

БЕРДАЛИН А.Б. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым баяндамашыға.

Сіз өз сөзіңізде сот алқабилерінің қатысуы сот талқылауын демократияландыруға, азаматтардың сот төрелігіне қол жеткізуге ықпал ететінін атап өттіңіз.

Сот алқабилеріне кандидаттарды іріктеу кезінде проблемалардың болатынын білеміз, мысалы, олардың процеске қатысқысы келмейді немесе мүлдем келмейді немесе істерді қарауға қатысудан бас тартады.

Айтыңызшы, осы проблемалар заңды іске асыруға кедергі келтірмей ме? Ол шын мәнінде жұмыс істей ме? Осы проблеманы шешу үшін қандай шаралар қолдануға болады?

ЖҮКЕНОВ Ә.Т. Сұрағыңызға рақмет.

Баяндамада айтып кеткендей, 15 жылдан бері алқабилер жұмыс істеп келе жатыр. Оның қылмыстық процеске рөлі өте маңызды. Әрине, кемшіліктер, қиындықтар бар, жана өзіңіз айтып кеткендей, алқабилердің тізімін жасау және оларды сотқа шақыру бойынша. Бұл жерде объективті мәселе бар және заңға байланысты мәселе бар.

Қолданыстағы «Алқабилер туралы» Заңда бес тізім көрсетілген. Оны жергілікті атқарушы органдар қағаз түрінде жасайды, сондықтан көптеген қиыншылықтар, кемшіліктер туады. Соған байланысты біз судьяларды және аппарат қызметкерлерін оқытып жатырмыз. Құрметті депутаттар, жақында өздеріңіз «Алқабилер туралы» Заңға өзгерістер енгіздіңіздер, енді біздің қолданып жүрген тізім жойылады, яғни бес тізім емес, бір-ақ тізім болады және бұл тізім электрондық түрде болады. Жүйе Цифрлық даму, инновация және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің базасында жасалады, өте жеңіл және сапасы жоғары болады. Бұл жүйе 2023 жылдың 1 шілдесінен бастап іске қосылады. Осы жүйе қосылғаннан кейін кемшіліктер жойылады деп ойлаймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Депутат Унжакова Ирина Сергеевна.

УНЖАКОВА И.С. Спасибо, уважаемый Ерлан Жаканович.

Абдрашит Толегенович, вопрос такого характера.

По законодательству используется суд присяжных, если обвиняемый подает заявление. Вы сейчас в своем докладе сказали о том, что за 15 лет были и сужение, и расширение состава дел, в частности, с 2015 года произошло определенное расширение. Однако статистика показывает, что после того, как список подсудных присяжному суду дел был расширен, количество дел,

рассматриваемых с участием присяжных заседателей, не увеличилось. Вот как количество колебалось между 40 и 50, так и осталось.

В связи с этим у меня следующий вопрос.

Как вы планируете организовать свою работу, чтобы обвиняемые использовали свое право на обеспечение участия присяжных в судебном заседании таким образом, чтобы выполнение поручения Главы государства не свелось к формальному расширению категорий дел, которые, в принципе, никак не повлияют на практику? Спасибо.

ЖУКЕНОВ Э.Т. Действительно, как я сказал, у нас уже 15 лет существует суд присяжных, очень много проблем. В 2007 году мы ввели, в 2010 году увеличили количество дел, подсудных суду присяжных, в 2013 году снизили. Как было сказано, в год рассматривается примерно 50 дел.

В 2010 – 2012 годах, когда была подсудность по всем особо тяжким преступлениям, наблюдался резкий рост количества рассматриваемых дел, было больше 300 дел в год, то есть пик, и это обществом было принято. К сожалению, с учетом возможностей государства количество было снижено.

Сегодня как ставится вопрос? Как я уже говорил, с 1 января следующего года в подсудность присяжных переходят все дела об особо тяжких преступлениях. Мы ожидаем, что, как и в 2010 году, будет очень большой рост.

Что нужно делать? Я думаю, надо пропагандировать. Мы думаем, что будем транслировать некоторые заседания, чтобы народ видел.

Вообще суд присяжных – это очень нужный механизм, который мы должны пропагандировать. Как я сказал в своем докладе, он выносит до 10 процентов (даже больше) оправдательных приговоров, тогда как по делам общей юрисдикции – 1,5-2 процента. Поэтому его надо пропагандировать, вводить, расширять.

Что самое главное? Как я в своем докладе сказал, суд присяжных утверждает основные принципы уголовного процесса – состязательность и равноправие сторон, презумпция невиновности – и снижает обвинительный уклон.

По этим делам органы уголовного преследования очень тщательно проводят досудебные расследования, потому что в суде доказательства должны быть достаточными. И суд, и прокурор, и адвокат приходят подготовленными. Эти судебные процессы (если будем транслировать, сами увидите) будут состязательными. Народ будет видеть, что идет состязательный процесс.

Вы знаете, что у нас смешанный суд присяжных: вердикт выносят 10 присяжных и один судья. Они вместе принимают решение о виновности или невиновности и выносят приговор (квалификация, наказание и так далее).

Есть классическая форма, где вердикт о виновности или невиновности выносят только присяжные, а судья уже на основе вердикта выносит оправдательный или обвинительный приговор.

Мне кажется, мы уже пришли к тому, чтобы говорить, что у нас классический суд присяжных. Я призываю вас к этому. Спасибо.

ТӨРАҒА. Депутат Нақпаев Сәлімжан Жұмашұлы.

НАҚПАЕВ С.Ж. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым баяндамашыға.

Елімізде адвокаттар арасында сараптамалық ұйымдар жүргізген сауалнамалар нәтижесі алқабилердің қатысуымен сот төрелігін жүзеге асырудың келесі проблемалық мәселелерін көрсетті:

біріншісі – сот отырысы кезінде төрағалық етушінің комментарийлері. Бұл алқабилерге айтарлықтай әсер етеді;

екіншісі – алқабилер сотының аралас моделі. Судья сотталушылардың кінәсін алқабилермен бірге анықтайды, яғни, судьялар алқабилердің шешімдеріне әсер етеді;

үшіншісі – алқабилер шығарған ақтау үкімдерінің күшін жою. Бұл қорғаушы тараптың ең маңызды талаптарының бірі. Мысалы, Батыс Қазақстан облыстық соты ақтау үкімін екі рет жойды, алайда үшінші рет үкімді өзгеріссіз қалдырды. Осындай мысалдар көп.

Айтыңызшы, осы аталған проблемалық мәселелерді шешу үшін қандай шаралар қабылданып жатыр? Рақмет.

ЖҮКЕНОВ А.Т. Рақмет.

Құрметті депутаттар, жалпы, біз бүгін классикалық тәжірибеге көшуіміз керек деп ойлаймын. Шынында да, айтылған кемшіліктер, қиындықтар бар. Кінәлі, кінәсіз емес деген шешімді судья мен алқабилер бірге қарайды. Әрине, құпия мәжілісте не болып жатқанын біз білмейміз. Жалпы, ондай сұрақтар туады. Сондықтан классикалық тәжірибеге көшу керек деп ойлаймын.

Енді іс болған соң, адамдар пенде болған соң ондай мәселелер болады, ол судьяларға да байланысты. Жалпы, бүгін қылмыстық процестерде алқабилердің рөлі өте жоғары. Біз оны дамытуымыз керек. Өздеріңіз қолдауларыңызбен біз оның рөлін кеңейтіп жатырмыз. Жаңа мен айтып кеткенімдей, ашық трансляция жасайық және классикалық модельге көшсек, онда бәрі дұрысталады деп ойлаймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Депутат Жаңбыршин Еділ Терекбайұлы.

ЖАҢБЫРШИН Е.Т. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым бүгінгі заң жобасының тұжырымдамасына тікелей қатысты болмауы мүмкін, бірақ бұл қоғамда ең өзекті мәселелердің бірі деп есептеймін.

Өздеріңізге жақсы мәлім, Қазақстанның түкпір-түкпірінен әділдік іздеп осы Астанаға азаматтарымыз келіп, Үкіметтің ғимараттарының айналасында пикет ұйымдастырып жатады. Жоғарғы Соттың судьяларымен кездесуді талап етіп бірнеше рет Парламентке келді.

Енді бір қызығы, Президент Әкімшілігі, Парламенттің депутаттары, Бас прокуратура, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Үкімет мүшелері қабылдайды, ал Жоғарғы Соттан оларды ешкім қабылдамайды. Жоғарғы Соттың тек Аппарат қызметкерлері шығып олармен кездесу өткізеді. Өздеріңізге жақсы мәлім,

әділдік іздеген адамдар өздеріне қол жұмсап, тіпті кейбіреулер өздерін өртеп жатқан фактілер Астанада да, жергілікті жерлерде де болып жатыр. Неге? Себебі судьялар өздері 2016 жылғы съезінде кодекс қабылдап, процессуалдық емес контактілер болмасын деп өздерін шектеп тастаған. Сот жүйесі бір жабық мекемеге айналып кеткен.

Президент Үкімет ашық болу керек, барлық билік халықпен жұмыс жасау керек, халықты есту керек деген болатын, ал біз сіздерден оны көріп отырған жоқпыз. Сондықтан біз не жергілікті жерде бәрін реттеуіміз керек, не сіздер осы жерде келген азаматтармен дұрыстап кездесулеріңіз керек, Аппараттың қызметкерлері емес, судьялар. Алқалы ма, әлде олардың мәселесін басқаша қарайсыздар ма, ол мәселені шешіңіздер. Бұл мәселе бойынша қандай жұмыстар жасалуда?

ЖҮКЕНОВ Ә.Т. Құрметті депутат, сіз қателесіп отырсыз, бұндай мәселе кодекспен реттелмейді, бұл Конституциямен реттеледі. Конституцияға сәйкес судьялар қатысушылармен тек процессуалдық жағдайда ғана кездесу керек, сондықтан істерді қабылдауға тыйым салынған. Әрине, осындай тәжірибе болды, ол дұрыс емес, оны біз қарап, осындай шешім қабылдадық. Келешекте біз қабылдамаймыз, өйткені ол процессуалдық контакт дейді, ол заңға қайшы. Екі тарап бар, егер бір тарапты қабылдаса, екінші тарап риза болмайды. Соған байланысты шу шығып жатыр.

Біз құқықтық мемлекетпіз, сондықтан біз де, сіздер де заң шеңберінде жұмыс істеуіміз керек. Судьялар сот залында ғана процессуалдық заңмен істі қарау керек. Сондықтан іс бойынша азаматтарды қабылдауға болмайды. Рақмет.

ТӨРАҒА. Депутат Жаңбыршиннің микрофонын қосыңыз.

ЖАҢБЫРШИН Е.Т. Менің ойымша, бұл қате пікір деп ойлаймын. Біз сот процесіне араласуға болмайтынын, соттың шешімі қабылдану керектігін, іске асу керектегін түсінеміз. Бірақ азаматтар осындай мәселемен келген кезде оларды қабылдау механизмдерін қарастыру керек сияқты. Жалпы, олар сіздерге келеді, ал оларды біз қабылдауымызға тура келеді. Сондықтан бұл мәселені қарастыруымыз керек сияқты. Қатып қалған ештеңе жоқ. Құраннан басқасының бәрін өзгертуге болады ғой. Не сіздердегі механизм дұрыс іске аспай жатыр, не өзімізге-өзіміз шектеу қойып, қатты қорғауға алып отырған сияқтымыз. Сондықтан біз қоғаммен жұмыс жасауымыз керек, қоғамның тұрақтылығын қамтамасыз етуіміз керек. Бұл мәселе биліктің бір тармағы Жоғарғы Сотқа да, сот билігіне де қатысты мәселе. Рақмет.

ЖҮКЕНОВ Ә.Т. Бұл пікіріңізбен мен толық келісемін, шынында да, бұл жалпы халықтың пікірі. Біз ақылдасып, Бас прокуратураның жанынан қабылдау орнын аштық, ол жерде барлық мемлекеттік органдардың, прокуратураның қызметкерлері және Жоғарғы Сот Аппаратының қызметкерлері, яғни кеңесшілер болады. Сол жерде азаматтар қабылданып, мәселе қаралады. Егер негіз болса, Бас прокуратура наразылық білдіреді, ол наразылық сотта қаралады.

ТӨРАҒА. Жақсы. Негізі мәселе өте дұрыс қойылып отыр. Сіздер шешім қабылдағанда барлық жақтан сұрақ тумайтындай, наразылық болмайтындай шешім қабылдауларыңыз керек. Егер наразылық туындаса, адамдарды сенделтіп қоймай, бір жерде алқалы түрде қабылдайсыздар ма немесе прокуратура органдарымен бірге қабылдайсыздар ма, сондай мәселені қарастыру керек.

Құрметті депутаттар, сұрақтарымыз аяқталды.

Әбдірашид Төлегенұлы, рақмет сізге. Орныңызға отырыңыз.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің мүшесі депутат Бекжанов Берік Айдарбекұлына беріледі.

БЕКЖАНОВ Б.А. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті әріптестер! Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында «Құқықтық мемлекеттің маңызды шарты – туралықтан танбайтын әділ сот төрелігінің болуы», – деген болатын.

Қылмыстық істерді қарау кезінде соттарға деген сенімділікті арттыруға ықпал ететін институттардың бірі – алқабилер соты, яғни азаматтардың сотталушының кінәлі немесе кінәсіздігі туралы мәселені шешуге қатысуы.

Алқабилер соты – сот төрелігіндегі азаматтық қоғамның құрамдас бөлігі. Ол азаматтарға әділдікті жүзеге асыруға жол ашады және оны бақылауға мүмкіндік береді, сонымен қатар қылмыстық сот ісін жүргізудің айыптау бейімділігін болдырмауға ықпал етеді.

Ендігі жерде аса ауыр қылмыстармен қатар, ауыр және ауырлығы орташа қылмыстардың бір бөлігі алқабилердің қатысуымен қаралу көзделуде. Сондықтан заң жобасы сот төрелігін іске асыру рәсіміне азаматтық қоғамның қатысу аясын кеңейтуге, қоғамның құқықтық мәдениетін арттыруға, сот төрелегін іске асыру нәтижелерін қанағаттану деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

Заң жобасы мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдар өкілдерінің, сондай-ақ Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті жанындағы Қоғамдық-сараптамалық кеңес заңгерлерінің қатысуымен жұмыс топтарының отырысында жан-жақты қаралды.

Парламент Мәжілісінің комитеттері оң қорытындыларын ұсынды.

Баяндалғанның негізінде комитет аталған заң жобасын Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің жалпы отырысында талқылауды және бірінші оқылымда мақұлдауды мүмкін деп санайды.

Қолдауларыңызды сұраймын.

ТӨРАҒА. Рақмет, Берік Айдарбекұлы.

Әріптестер, енді заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Ертаев Сырым Махамбетұлына беріледі.

ЕРТАЕВ С.М. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті әріптестер! Сот төрелігін іске асыруға азаматтық қатысу азаматтардың конституциялық құқығы болып табылады.

Осындай қатысу нысандарының бірі – сот алқабилерінің қылмыстық істердің белгілі бір санаттарын қарауы.

Соңғы уақытта алқабилер институты ең күрделі кезенді өткеріп отыр – осы нысанда қаралатын істер саны азайып келеді.

Бүгінгі қаралып отырған заң жобасында сот алқабилерінің қатысуымен аса ауыр қылмыстар ғана емес, сондай-ақ ауыр қылмыстар туралы істерді де қарау мүмкіндігін қарастыру ұсынылады, олар бойынша үкім шығару көптеген азаматтардың мүдделерін қозғайды немесе қоғамда резонанс туғызады.

Алқабилердің қатысуымен істер санаттарын кеңейту әділ сот төрелігінің маңызды шарты болып табылады және ол қазіргі жағдайда қажет.

Мен заң жобасын қолдаймын және әріптестерімді де қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылау барысында осы заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдау жөнінде ұсыныс түсті. Қарсылықтарыңыз жоқ болса, осы ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 93, «жақтағандар» – 93. Шешім қабылданды.

Осы мәселе бойынша қаулының жобасы сіздерде бар. Сол бойынша да дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 93, «жақтағандар» – 93. Қаулы қабылданды.



Директор: Құжаттамамен қамтамасыз ету бөлімінің сектор меңгерушісі Майғ Н. Шайғынбаев.